


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Иса зағип адамды сауықтырады



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Бартімей (бар-тим-ай-ус) Иерихонға жақын маңда жол жиегінде отырған зағип адам еді. Тіленшілену. Кейбір жүрегі жұмсақ адамдар, шамасы, оған өтіп бара жатып, ұсақ тиын немесе біраз тамақ берген болар. Бартімей жұмыс істей алмады, себебі оның көзі көрмейтін. Оның қолынан келетіні тілену ғана.



2

Бір күні жол ерекше абыр-сабыр болып кетті. Бартімей көп аяқтардың дыбысын естіген. Бұл әдеттен тыс бір жағдай болатын. Көп өтпей зағип мұның не екенін білді. Назареттік Иса қалада болды. Халықтың үлкен тобы Исаны көріп есту үшін жиналды.



3

«Дәуіттің Ұрпағы Иса, маған рақым ете көріңіз!» Бартімей неге айғайлады? Ол неге Исаны өзіне көмектесе алады деп ойлады? Бәлкім ол Иса сауықтырған басқа адамдар туралы естіген шығар. Кейбіреулері саңырау болатын, кейбіреулері мылқау, кейбіреулері мүгедек, ал кейбіреулері оның өзі сияқты зағип болатын. «Дәуіттің Ұрпағы, маған рақым ете көріңіз», –деп Бартімей қайта-қайта айғайлады. Оның дауысында үміт бар еді.




4

Бартімей бір нәрсеге сенімді болды. Егер ол қазір көмек алмаса, оның бұдан өзге мүмкіндігі ешқашан болмас. Иса, мүмкін, осы жолмен ешқашан өтпес.



5

Бартімей Исаға жету керек болды. Бірақ адамдар орындарынан жылжымады. Түш-ш-ш! –деді олар. Олар оған өзін тыныш ұстауы керектігін ескертті.




6

Бірақ Бартімей үнін өшірмеді. Ол айғайлай берді. Кенет Иса тоқтай қалды! Құлақ түрді! Өзіне зағипты алып келуді бұйырды! «Еңсенді көтер! –деді адамдар Бартімейге. –Тұр. Ол сені шақырып жатыр».



7

Өзінің киімін тастай салып, Бартімей орнынан ұшып тұрды да, Исаға жақындап келді.



8

«Менің өзіне не істегенімді қалайсың?»
– деп сұрады Иса. Сіз қалай жауап берер
едіңіз? Сіз көп ақша немесе әдемі жаңа
киім сұрар ма едіңіз? Бартімейдің
қалағаны осы ма еді?



9

Жок, зағип Бартімей Исадан алтын
немесе әдемі киім сұрамады.
Оның не қалағанын сен
білесің бе?




10

«Мырзам, менің көзім ашылсыншы!» Бартімей
көргісі келді! Ол ағаштарды, құстарды, Құдайдың
жаратылысының әдемі сипатын көргісі келді. Ол
өзінің қамын жасап жарлы болмау үшін көргісі келді.



11

Сонда Иса Бартімейге: «Көзің ашылсын.
Сенің сенімің сені құтқарды!» – деді.



12

Оның көзі бірден ашылып,
Исаның соңынан еріп кетті.
Оның бар айтқаны:
«Құдай –ғажап!
Ол мені
сауықтырды!»
Бұл, Бартімей
үшін керемет
сәт болды.



13

Бүкіл халық осыны
көрген кезде, Құдайға
мадақ айтты. Олар
бейшара әрі жарлы
зағиптің көзін ашқан
Құдай Ұлы Исаның
ғажайып күшін тағы
да көрді.



14

Иса зағип адамды сауықтырады

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Марқа 10, Лұқа 18, Жохан 9

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

15

50

60

16



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

17